

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



**«БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

22 мамыр, 2024 жыл

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ БУЛЛИНГА:
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

22 мая, 2024 года

АСТАНА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

22 мамыр, 2024 жыл

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ БУЛЛИНГА: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

22 мая, 2024 года

**Астана
22 мамыр, 2024 ж.**

УДК 159.922.7

ББК 88.8

Б 83

Бас редактор/главный редактор:

Асылбекова М.П. – педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор (заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор)

Б 83 «Буллингтің өзекті мәселелері: теория және практика» халықаралық ғыл.-прак. конф. материалдар жинағы (22 мамыр, 2024 жыл) = Сборник материалов межд. науч.-прак. конф. «Актуальные вопросы буллинга: теория и практика» (22 мая, 2024 года). / Бас ред./гл. ред.: Асылбекова М.П./ – Астана: «Бұлатов А.Ж.» ЖК, 2024. – 468 б. (с.)

ISBN 978-601-326-780-7

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены статьи казахстанских и зарубежных ученых, преподавателей вузов, школьных учителей, студентов, магистрантов, докторантов.

BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру жобасы аясындағы «Буллингтің өзекті мәселелері: теория және практика» халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

УДК 159.922.7

ББК 88.8

ISBN 978-601-326-780-7

© «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ, 2024

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Сомжүрек Б.Ж. –	ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;
Асылбекова М.П. –	педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;
Атемова К.Т. –	педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Сейітқазы П.Б. –	педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Шалғынбаева Қ.Қ. –	педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Албытова Н.П. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
Сламбекова Т.С. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
Шолпанкулова Г.К. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
Жубакова С.С. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Жукенова Г.Б. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Махадиева А.К. –	философия докторы (PhD), доцент м.а.
Балтабаева Ж.Б. –	магистр, аға оқытушы

ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:

Сомжүрек Б.Ж. –	председатель научного семинара, декан факультета социальных наук;
Асылбекова М.П. –	заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;
Атемова К.Т. –	доктор педагогических наук, профессор;
Сейітқазы П.Б. –	доктор педагогических наук, профессор;
Шалғынбаева Қ.Қ. –	доктор педагогических наук, профессор;
Албытова Н.П. –	кандидат педагогических наук, профессор;
Сламбекова Т.С. –	кандидат педагогических наук, профессор;
Шолпанкулова Г.К. –	кандидат педагогических наук, профессор;
Жубакова С.С. –	кандидат педагогических наук, доцент;
Жукенова Г.Б. –	кандидат педагогических наук, доцент;
Махадиева А.К. –	доктор философии (PhD), и.о. доцента.
Балтабаева Ж.Б. –	магистр, ст. преподаватель.

МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГТІ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ЖҰМЫСЫ

Шалғынбаева Қадisha Қадыровна

kadisha1954@mail.ru

педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Санатбай Перизат Айбекқызы

sanatbaiperizat@mail.ru

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасының
2 курс PhD докторанты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Аннотация. Мақалада авторлар мектептегі буллингті алдын алу бойынша әлеуметтік педагог жұмысының мазмұнын, ерекшеліктерін қарастырды. Осы мақсатта авторлар мектептегі буллинктің мәнін талдап, онда педагогикалық үдеріс субъектілерінің, оның ішінде әлеуметтік педагогтың рөлін ашты, мектептегі буллинг жағдайында болдырмау және өшіру стратегиясының себептерін анықтады, буллингті алдын алуды

ң аспектілері мен міндет-тері және әлеуметтік-педагогикалық қызметтегі маңыздылығы анықталды.

Annotation. In the article, the authors considered the content and features of the work of a social teacher on the Prevention of bullying in school. To this end, the authors analyzed the essence of school bullying, revealed in it the role of the subjects of the pedagogical process, including the social teacher, identified the reasons for the prevention and shutdown strategy in the conditions of school bullying, identified aspects and tasks of prevention of bullying and its importance in social and pedagogical activity.

Түйін сөздер: буллинг, алдын-алу, әлеуметтік педагог, мектеп.

Keywords: bullying, prevention, social pedagogue, school.

Қазіргі таңда буллинг мәселесі білім беру үдерісінің барлық қатысушылары үшін ең қиын және ауыр тақырып. Соңғы статистикалық ресми мәліметтерге сүйенетін болсақ, отандық мектептердің әрбір үшінші оқушысы жәбірленудің, буллинктің нысаны болған [1].

Буллинг қатысушылардың күші немесе билігі тең болмаған жағдайда жүйелі, мақсатты, агрессивті мінез-құлық ретінде анықталады [2]. Буллинг «табиғатының» ерекшелігі ол тек жәбірленушіге ғана негативті әсер етіп қоймай, сонымен бірге қудалауды ұйымдастырушы мен куәгерлерге де жағымсыз салдар тудыртады. Осыған орай шетелдерде буллинг мәселесі басымдылыққа ие және оны тоқтату, алдын-алу бағдарламалары әзірленіп, ғылыми конференциялар өткізіледі. Дегенмен де, мектепте пайда болған

буллинг жағдайына қашқақтау және үндемеу негізгі стратегия ретінде қолданады. Ол бірнеше себептерге байланысты:

- біріншіден, мұғалімдер, әлеуметтік педагогтар мен психологтар үшін буллинктің келісілген, конвенциялық, ортақ түсінігінің болмауы. Мәселен, мектеп қызметкерлері оқушылармен салыстырғанда жағдайлардың кең ауқымын буллинг ретінде жіктеуге бейім.

- екіншіден, педагогикалық үдеріс субъектілері тарапынан буллинг жағдайларына реакциясы. Ұзақ уақыт бойы мектептегі буллинг оқушының әлеуметтенуінің табиғи элементі ретінде қарастырылды. Мәселен, мұғалімдердің буллингке қатысты ұғымдары мен оған жауап беру тәселдері арасында негізгі үш заңдылықтар анықталды:

1) буллинг балаларға сенімділік пен шешімділікті үйренуге мүмкіндік береді деп санайтын мұғалімдер баланы өзін-өзі қорғай білуге, оған кеңес беруге және ата-аналарды жағдайға тартуға бейім.

2) буллинкті норма ретінде қабылдайтын мұғалімдер булинг жағдайларына аз қатысады, жәбірленуші рөлінде болған баланы сирек қолдайды, ата-аналарды жағдайға аз тартады.

3) егер ренжіген балалар агрессорлардан аулақ болса, буллинктің тоқтайтынына сенімді мұғалімдер жәбірленуші мен қуғыншы арасындағы қашықтықты арттыруға, қуғын-сүргінге ұшыраған балаға жаңа парта көршілері мен ойын серіктестерін табуға белсенді қатысады [3].

Буллингті алдын-алу және тоқтату бойынша тиімді шетелдік қолданбалы бағдарламаларға сүйенетін болсақ, сыныптағы және жалпы мектептегі психологиялық климат пен тұлғааралық қатынастарды басшылыққа алу қажет. Мәселен, Скандинавия мен АҚШ-та белсенді таратылатын Д. Ольвеус бағдарламасы мектептің барлық қызметкерлерін буллингтік жағдайға құрметтеу және жедел әрекет ету дағдыларына үйретуді қамтиды, осылайша мектептегі кез келген ересек адам балаларға рөлдік модель және буллингті қолдамай қарым-қатынас жасау қабілетінің тасымалдаушысы бола алады [4].

- үшіншіден, білім беру процесі көбінесе бәсекелестікке және балалардың бәсекеге қабілеттілігін бағалауға негізделеді. Осыған байланысты балалар ұжымдарында агрессияның көп болуы таңқаларлық емес. Сонымен қатар, ортақ мүдделер негізінде емес, күштеп немесе кездейсоқ құрылған кез-келген топ, оның қатысушыларының бір-біріне бағытталған агрессивті мінез-құлқы үшін қолайлы орта болып табылады. Мұндай жағдайда агрессия сындарлы түрде жүзеге асырылуы мүмкін, бұл өзара қызығушылық пен бірлескен оқуға ықпал етеді, бірақ мәртебесі, күші немесе билігі тең емес балалар арасындағы буллинг жағдайларында көрінетін деструктивті қасиеттерге ие болуы мүмкін. Кейбір адамдарды басқалармен қудалау, әдетте, балаларда да, ересектерде де мәртебеге әлеуметтік тапсырыс беру функциясын орындайды және көптеген жағымсыз салдарларға ие: субъективті қауіпсіздікті бұзу, зорлық-зомбылық әдеті, билікті қарым-қатынастағы негізгі құндылық ретінде тану, куәгерлердің үнсіз ұстанымы және т.б. [5].

Жоғарыда айтылған себептерді саралай келе, сыныптағы буллинг жағ-

дайын қалай қабылдаудағы басты тұлға – педагогикалық үдерістің субъектілері, соның ішінде әлеуметтік педагогты да атап өтуге болады. Әдетте, педагогикалық үдерістің субъектілері буллинг жағдайына араласуды қажет немесе қажет емес деп айқындайды, сонымен бірге олардың қабылдаған шешімі – оқушылардың болып жатқан жағдаятқа болашақта қандай қатынас көрсету керек екендігінің призмасы болып табылады, мәселен, буллинг ол күнделікті құбылыс және ол пайдалы педагогикалық әсер ету құралы немесе сынып өмірінің деструктивті элементі.

Буллингті алдын-алу жолында әлеуметтік педагогтың атқаратын жұмысы едәуір зор. Білім беру мекемесінде жайлы, қауіпсіз орта құру үшін мектептегі зорлық-зомбылықтың әртүрлі формалары мен түрлерінің алдын алуға бағытталған әлеуметтік педагогтарды арнайы ғылыми, ұйымдастырушылық, әдістемелік даярлау маңызды екені анық. Әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметінің маңызды міндеттерінің бірі – мектептегі буллинктің пайда болу жағдайларын теңестіру. Әрине мектептегі буллинг мәселесін алдын-алу өзекті мәселелердің бірі екені сөзсіз. Егер әлеуметтік педагог буллинг мәселені шешуде белсенділік танытып, шыңдап назарға алатын болса, онда көптеген кикілжіңдерді алдын-алудың мүмкіндігі жоғарылайды.

Буллингті алдын-алу келесі аспектілерді қамту керек: қорғау, ескерту, сақтандыру, жою және бақылау. Яғни алдын алдын-алу жұмысы арнайы педагогикалық және тәрбиелік шараларды қолдану арқылы оқушылардың әлеуметтік, отбасылық, тұлғалық жағдаяттарын өзгерту. Осыдан келе буллингті алдын-алудың міндеттерін айқындай аламыз:

- педагогтарды қиын балалармен жұмыс жасауға және буллинг жағдаяттарын шешілуіне даярлау;
- оқушылардың әлеуметтік ахуалын жақсартуға жәрдемдесу;
- ата-аналармен психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстарын жүргізу;
- психожарақаттаушы және әлеуметтік қауіпті жағдайларды жою;
- оқушылардың бойында толеранттылық пен әлеуметтік құзыреттілікті дамыту;
- оқушылардың өзі және қоршаған адамдармен қатынасы туралы түсініктерді өзгерту.

Буллингті алдын-алу жұмысының көп қырлылығы мен міндеттерінің күрделілігін және бұл мәселе мектепте әлеуметтік педагогқа да жүктеленін ескеретін болсақ, ол маманның даярлығына жоғары талаптар қоятыны сөзсіз. Буллинг бұл психологиялық террор, эмоционалдық қысым, қудалау және дене мүшесін зақымдаушылық, кей кездері ұрып-соғу, физикалық қорлау. Буллинктің басты қауіптілігі құрбан болған оқушыны психикалық тұрақсыздық жағдайына және шынайы болмысты қабылдаудың бірегейсіздігіне дейін апару болғандықтан, ол әлеуметтік педагогтың бойынан білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктерді ғана емес, сонымен бірге тұлғааралық дағдыларға, эмоционалды интеллектке және әлеуметтік дағдыларға қатысты өмірлік дағдылармен тығыз байланысты soft skills дағдыларының дамуын қажет етеді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, мектептегі буллингті алдын-алуды тиімді

жолы ретінде:

- әлеуметтік педагогтар зорлық-зомбылықтың осы түрін тудыратын объективті және субъективті детерминанттарды ажыратуды үйренуі керек;
- буллингтің негізгі компоненттері туралы түсінікке ие болуы керек;
- буллингтің күтпеген түрде пайда болуы мүмкін оқушылардың әңгімелеріндегі осы жағдайларды тану кезінде тікелей және икемді болуы керек.

Әлеуметтік педагогтарда қызметінің өзектілігі буллингті алдын-алуда оң әсер ететін бірқатар артықшылықтарда жатыр:

- балалар мен жасөспірімдердегі жағымсыз құбылыстар мен мінез-құлықтардың ықтимал нәтижелері мен салдарын болжау, талдау және бағалау;
- анықталған әлеуметтік-педагогикалық мәселенің практикалық шешімдерін ұсыну;
- пайда болуы мүмкін әлеуметтік-педагогикалық проблемалардың алдын алу;
- әлеуметтік-педагогикалық қызметке тән дағдылармен қатар тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларына ие болу;
- педагогикалық процестің барлық субъектілерімен тиімді қарым-қатынас жасау;
- естігендерін белсенді тыңдау және қабылдау, басқалармен қарым-қатынас жасау, әріптестерімен ынтымақтасу және т.б.;
- жайлылық деңгейінен асып, ойлану, сонымен қатар озық идеяларды ұсыныңыз;
- өз қызметіне, сондай-ақ педагогикалық процестің басқа субъектілеріне өте жағымды мінез-құлық пен көзқарасқа ие болу;
- буллингтік жағдайға тап болған балалар мен жасөспірімдерді көтермелеу, қолдау, ынталандыру және шабыттандыру;
- өмірге және қоғамға тиісті этикалық қатынасты қолдану және т.б.

Шет елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, халықаралық жобалар бірқатар секторлардың күшімен балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алуға мүмкіндік береді. Біздің елімізде де мектептегі буллинг, зорлық-зомбылық мәселесін алдын алу, шешу бағытында көптеген іс-шаралар өткізіліп, нормативті-құқықтық құжаттар қабылдануда. Мәселен, балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарда балаларға қатысты зорлық-зомбылық, буллинг, суицид деңгейін төмендетуге оң әсер ететін және балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ететін бірқатар шаралар жоспарланған [6]. Шаралардың бірі зорлық-зомбылыққа, қорқытуға, кибербуллингке ұшыраған немесе куә болған кәмелетке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету әдістемесін әзірлеуге бағытталған. Дегенмен де, мектептегі буллингті алдын-алуда әлеуметтік педагогтың жұмысының рөлі орасан зор.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен буллинг мәселесінің ауқымдылығын ескере отырып, алдын алу немесе дереу әрекет ету ең оңтайлы шешім

болып табылады.

Шетелдік тәжірибені талдау негізінде балаларға қатысты зорлық зомбылық пен буллингті алдын алу бірнеше деңгейлерде құрылуы керек:

1) жалпы қоғамдағы зорлық-зомбылыққа қатысты көзқарастармен жұмыс істеу, балаларды тәрбиелеу және әлеуметтендіру туралы идеяларды өзгерту;

2) «тәуекел тобымен» жұмыс істеу;

3) теріс салдарларды, жәбірленушілікті және қайталануды азайту мақсатында зорлық-зомбылықтан аман қалған балалармен жұмыс істеу [7]. Осы тәжірибеге негізде әлеуметтік-педагогикалық қызметтің маңыздылығы айқындалады.

Қортындылай келе, мектептегі буллинг – тұлғаның денсаулығы мен дамуына ұзақ мерзімді теріс әсер ететін маңызды жаһандық мәселе. Мәселені отандық және халықаралық деңгейде теориялық зерттеу негізінде мектептегі буллинг бүкіл әлемде кең таралғанын дерт екенің дәлелдейді. Мектептердегі әлеуметтік-педагогикалық қызметтің жақсы құрылған жүйесі оқушылар арасында буллингті алдын алуды тиімді жүзеге асыруға көмектеседі.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. В Казахстане выросла подверженность к кибербуллингу среди подростков: как бороться с травлей в интернете? /Электронды ресурс. URL: <https://liter.kz/v-kazakhstan-vyros-la-podverzhennost-kiberbullingu-sredi-podrostkov-kak-borotsia-s-travlei-v-internete-1677469401/> (жүгінген күні: 27.03.2023).
2. Olweus D. Bullying at school: What we know what we can do. — N.Y., 1993.
3. Kochenderfer-Ladd B., Pelletier M.E. Teachers' views and beliefs about bullying: Influences on classroom management strategies and students' coping with peer victimization // Journal of School Psychology. 2008. — 46.
4. Violence prevention works! Safer schools, safer communities. Home of the Olweus bullying prevention program / Электронды ресурс. URL: <http://www.violencepreventionworks.org/public/index.page> (жүгінген күні: 27.03.2023).
5. Бочавер А.А. Травля в детском коллективе: установки и возможности учителей / Электронды ресурс. URL: <http://psyedu.ru/journal/2014/1/Bochaver.phtml> (жүгінген күні: 27.03.2023).
6. Об утверждении Комплексного плана по защите детей от насилия, превенции суицида и обеспечению их прав и благополучия на 2023 – 2025 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 августа 2023 года № 748: [www.adilet.zan.kz] – август 2023 г. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000748/info>
7. Попова Е.И., Пчелинцева И.В. Специфика жестокого обращения с детьми в школьной среде // Концепт. 2014. № 06 (июнь). – URL: <http://e-koncept.ru/2014/14158.htm>.